



Teniz Resources Ltd жеке компаниясы қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін жер участкелеріне жария сервитут белгілеу туралы

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 15 мамырдағы № А-5/194 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17-бабының 5-1) тармақшасына, 69, 71-1-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, Жарқайың ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жарқайың ауданы Шойындықөл ауылының аумағында орналасқан 01-275-059-134, 01-275-059-148 кадастрық нөмірлері бар жалпы ауданы 2777 гектар жер участкесіне және ауданның запастағы жерлеріне Teniz Resources Ltd жеке компаниясы қатты пайдалы қазбаларды барлау жөніндегі операцияларды жүргізу үшін 2031 жылғы 5 қантарға дейінгі мерзімге жер участкесін алып қоймай, жария сервитут белгіленсін.

2. Teniz Resources Ltd жеке компаниясы (келісу бойынша) жер участкелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың шығындарын толық көлемде өтеуі қажет, залалдардың мөлшері мен оларды өтеу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тараптардың келісімімен айқындалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Жарқайың ауданы әкімінің орынбасары Д. Қ. Сыздықовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі

E.Жусіпбеков